«Астана-финанс» банкі» АҚ Акционерлерінің
кезектен тыс Жалпы жиналысы шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»
2015 ж. «17» ақпан № 2 хаттама

«АСТАНА БАНКІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2015 ж. «10» наурыз ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 5052-1900-АҚ
Бастапқы тіркелген күні
2008 ж. «26» маусым

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2015 ж. «10» наурыз ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 080540001021
Бастапқы тіркелген күні
2008 ж. «26» маусым

Қазақстан Республикасы
Алматы қ.

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

«Астана Банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Банк) осы Жарғысы оның атауын, заңдық мәртебесін, құру мақсаты мен міндеттерін, құзыреттерін, Банк органдарының шешім қабылдау тәртібін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да мәселелерін айқындайды.

1. АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

1.1. Банк өз қызметін акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жүзеге асырады.

1.2. Банктің толық атауы:
- қазақ тілінде: «Астана Банкі» акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: Акционерное общество «Банк Астаны»;
- ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Bank of Astana».

1.3. Банктің қысқартылған атауы:
- қазақ тілінде: «Астана Банкі» АҚ;
- орыс тілінде: АО «Банк Астаны»;
- ағылшын тілінде: JSC «Bank of Astana».

1.4. Банктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, «Көктем-2» ш/а, 22 үй.

2. БАНКТІҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Банк акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылып, өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық келісім-шарттарға (келісімдерге), осы Жарғыға, сонымен қатар Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2.2. Банк заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады, меншігінде оқшауланған мүлігі бар және осы мүлік шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

2.3. Банк акционердің міндеттемелері бойынша, ал акционер – Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде, Банк қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

2.4. Банктің ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген, қазақ және орыс тілдеріндегі толық атауы жазылған дөңгелек мөрі бар. Банк өз атауы көрсетілген мөртаңбалар мен бланкілерге ие.

2.5. Банк қызметі шектеусіз мерзімге құрылды және өз қызметін банктік және өзге де операцияларды жүргізу үшін берілген лицензиялар және уәкілетті мемлекеттік органмен берілген құнды қағаздар нарығында кәсіби қызметін іске асыру үшін берілген лицензия негізінде жүзеге асырады.

2.6. Банктің қаржылық-шаруашылық қызметі оның мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.

2.7. Банк Қазақстан Республикасының аймағында және одан тыс жерде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің еншілес банкілерін, филиалдарын, өкілдіктерін және Банктің өзге де дербес құрылымдық бөлімшелерін ашуға құқылы.

2.8. Банк заңды тұлғалардың жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының аймағында және одан тыс жерлерде еншілес ұйымдары мен заңды тұлғаларын құруға құқылы.

3. БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН НЫСАНЫ

3.1. Банк қызметінің негізгі мақсаттары:

- Қазақстан Республикасындағы нарықтық экономиканың қалыптасуы мен әрі қарай дамуына ықпалдастық ету;
- Экономикалық және әлеуметтік аяның түрлі салалары мен бөлімдерінің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін қаржылық қызметті жүзеге асыру;
- Табыс алуға қол жеткізу және оны акционерлердің мүддесіне жарату;
- Банк қызметтерінің аясын халықаралық нормаларға, стандаттарға және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асыру және кеңейту.

3.2. Көрсетілген қызметтерге жету үшін Банк Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен берілген лицензияға сәйкес банктік заңнамамен қарастырылған банктік немесе өзге де операцияларды жүзеге асырады.

3.3. Банк Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген тәртіп пен шарттар негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасында рұқсат етілген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

4. БАНКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛКІ

4.1. Банктің жарғылық капиталы, акцияларды олардың атаулы құны бойынша құрылтайшылармен (жалғыз құрылтайшымен) төлеуі және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес анықталатын орналастыру құны бойынша инвесторлармен төлеуі арқылы құрылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

4.2. Банк акциялары орналастыру кезінде ақшалай төленеді, келесі жағдайларды есептемегенде:

4.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда Банкпен қайта құрылымдау жүргізу кезінде, тиісті несиегер алдындағы Банктің ақшалай міндеттемесі бойынша Банк акцияларын Банк несиегерлері арасында орналастыру және оларды кез келген құқығын (талабын) есептеу арқылы төлеу;

4.2.2. Банк акцияларына айырбасталатын эмиссиялық құнды қағаздар шығарылымы аңдатпасы негізінде құнды қағаздарды Банк акцияларына айырбастау;

4.2.3. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын қайта құрылымдау кезінде Банк акцияларының құнын төлеу;

4.3. Жарғының 4.2. тармақшасында көрсетілген жағдайларда Банк акцияларын орналастыру барысында бағалау жүргізу талап етілмейді.

4.4. Банктің жарияланған акцияларының саны мен түрлері туралы мәліметтер Банк акциялары шығарылымы аңдатпасында көрсетіледі.

4.5. Банктің жарғылық капиталын қалыптастыру және өзгерту, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.6. Банктің мүлігі, оның ішінде, құрылған филиалдары мен өкілдіктерінің мүлігі, Банкке жекеменшік құқығы негізінде тиесілі және төмендегілер есебінен құралады:

- Банктің жарғылық капиталды құру барысында алған қаражаты;
- Банк қызметінен түскен кірістер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған жолмен алынған өзге де мүлік пен мүліктік құқықтар.

5. БАНКТІҢ КІРІСТЕРІ, РЕЗЕРВТЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КАПИТАЛЛАРЫ

5.1. Банктің өз қызметі нәтижесінде алынған кірістері, салықтар мен өзге де бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеген соң, Банк меншігінде қалады және сақтық қор капиталын (динамикалық резервін) қалыптастыру және толықтыру және акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін қолданылады және Банкті дамытуға немесе

Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес, акционерлердің Жалпы жиналысында белгіленген өзге де мақсаттарға бағытталады.

5.2. Сақтық қор капиталы (динамикалық сақтық қор) банк қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындарды өтеу мақсатында құрылады.

5.3. Сақтық қор капиталы (динамикалық сақтық қор) банк қызметі мәселелері бойынша реттеу, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын құзырлы орган белгілеген тәртіп пен шарттар негізінде, уәкілетті органмен белгіленген минималдық өлшемнен кем емес көлемде қарапайым акциялар бойынша дивиденд төлемес бұрын, бюжетке салықтар мен өзге де төленетін міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылық ететін уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып құрылады.

5.4. Банк, өз қызметінің тиісті бақылау деңгейі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында өткізілетін операциялардың мәні мен көлеміне сай, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге провизияларды (сақтық қорларды) жасайды.

6. БАНК АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ. ОЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІЛІМІ

6.1. Банк жай акциялар, немесе жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады.

6.2. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің ортақ өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарын пайдаланады.

6.3. Егер, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, акцияның бір түрі оны иеленетін әрбір акционерге осындай акциялар түрінің басқа иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді.

6.4. Банк өзге де құнды қағаздарды шығаруға құқылы және де оларды шығару, орналастыру, айналымға еңгізу және құнын өтеу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасымен бекітіледі.

6.5. Банк айырбасталымды құнды қағаздар шығаруға құқылы. Акцияларға айырбасталатын құнды қағаздарды шығару, Банктің жарияланған және орналастырылған акцияларының айырмасы шегінде рұқсат етіледі. Банктің құнды қағаздарын шығару шарттары, мерзімдері және айырбасталымы, айырбасталымды құнды қағаздардың шығарылымы аңдатпасында көрсетіледі.

6.6. Банк өзінің орналастырылған акцияларының бір түрін Банктің басқа түрдегі акцияларына айырбастауға құқылы.

6.7. Банк орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау шарттары, мерзімдері және тәртібі құзырлы органның нормативтік құқықты акті мен акциялар шығарылымы аңдатпасында көрсетіледі.

6.8. Жай акция акционерге дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банкте таза табыс болған жағдайда дивидендтер алу, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Банк жойылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді

6.9. Төмендегі жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді:

6.9.1. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы, шығарылған шешімі артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерді қарайды. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі.

Қабылданатын шешімдері артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге келесі мәселелер жатады:

- артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;
- артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;
- артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына айырбастау туралы мәселелер.

6.9.2. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы, АҚ туралы Заңға сәйкес акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу кезінде артықшылықты акциялардың құнын айқындау әдістемесіне (егер құрылтай жиналысы әдістемені бекітпесе, оны бекіту) өзгерістер енгізуді бекіту туралы мәселені қарайды;

6.9.3. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарайды;

6.9.4. Артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3(үш) ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе, артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын береді.

6.10. Осы Жарғының 6.9.4 тармақшасында қарасырылған жағдайда акционердің - артықшылықты акциялардың меншік иесінің Банкті басқаруға қатысу құқығы оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд толық мөлшерде төленген күннен бастап тоқтатылады.

6.11. Орналастыру барысында Банктің артықшылықты акциялар саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының 25 (жиырма бес) пайызынан аспауы тиіс.

6.12. Банк өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акцияларын жарияланған мөлшері шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы. Банктің жарияланған акцияларының саны шегінде, оның акцияларын орналастыру туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

6.13. Акцияларды орналастыру акционерлердің акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыруы, құнды қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілетін жазылу немесе аукцион не бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін жазылу немесе аукцион арқылы, сондай-ақ АҚ туралы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің құнды қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін қоғамның акцияларына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.

6.14. Банктің жай акциясына айырбасталатын акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуға өтінім беру үшін берілген отыз күн ішінде акцияны немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да құнды қағазды иеліктен айырған кезде, басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес мұндай құқық егер, бұрынғы меншік иесі мұндай өтініш бермеген жағдайда, Банктің жай акцияларына айырбасталатын акцияның немесе басқа да бағалы қағазддардың жаңа меншік иесіне өтеді.

6.15. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді тіркеуші ғана жүзеге асыра алады.

7. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Банк акционері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;
2) дивидендтер алуға;

3) Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысында немесе Банктің Жарғысында айқындалған тәртіппен Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;
4) Банк тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
5) Банктің директорлар Кеңесіне сайлау үшін Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына кандидатуралар ұсынуға;
6) Банк органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
7) Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірге иеленген кезде, АҚ туралы Заңда қарастырылған жағдайларда, өз атынан сот органдарына Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірілген залалдарды өтеуі және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) онда өз мүддесі бар мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Банкке қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
8) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұраныс жіберуге және Банкке сұраныс келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
9) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігін иемденуге;
10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өз акцияларына айырбасталатын Банктің акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;
11) акционерлердің жалпы жиналысының АҚ туралы Заңда көзделген тәртіппен Банк акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.

7.2. Мұнымен қоса, Банктің ірі акционері құқылы:
1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
2) Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
4) өз есебінен аудиторлық ұйымымен Банк аудиті жүргізілуін талап етуге құқығы бар.

7.3. Банк акционерлері – Банктің артықшылықты акцияларының меншік иелері – акционерлер- жай акциялардың меншік иелері алдында Жарғымен белгіленген, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген тәртіппен Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алу құқығы бар.

7.4. Банк акционері Қазақстан Республиканың қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтарға ие болуы мүмкін.

7.5. Банк акционері міндетті:
1) акцияларды төлеуге;
2) осы акционерге тиесілі акцияларды Банктің тіркеушісіне және акциялардың атаулы иесіне, Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттемелерді орындауға міндетті.

7.6. Акционердің осы баптың 7.5 тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Банк пен Банктің тіркеушісі жауапты болмайды.

8. БАНКТІҢ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ТӨЛЕНЕТІН ДИВИДЕНДТЕР

8.1. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, қоғамның акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің Жалпы жиналысында қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, ақшалай немесе қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

8.2. Артықшылықты акция бойынша дивидендтің кепілдікті мөлшері, сондай-ақ, жай акцияға айырбасталатын артықшылықты акция бойынша дивидендтің кепілдікті мөлшері, оның ішінде артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімділігі, Акционерлердің жалпы жиналысында Банктің артықшылықты акция немесе жай акцияға айырбасталатын артықшылықты акцияларды шығару қажеттігі жөнінде мәселені шешу барысында белгіленеді. Акционерлердің жалпы жиналысында мұндай шешім қабылданған жағдайда, АҚ туралы Заңға сәйкес Банк Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде Жарғыға тиісті өзгерістер енгізуі тиіс.

8.3. Банктің артықшылықты акциялары бойынша құнды қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

8.4. Банктің акциялары бойынша оның құнды қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде, осындай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

8.5. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуы тиіс.

8.6. Егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен шығару, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

8.7. Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер, сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

8.8. Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Банктің өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
2) егер Банк Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе, не аталған белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;

8.9. Акционер қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне уәкілетті органның қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

8.10. Жай акциялар бойынша дивидендтер. Банктің жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қабылдайды.

8.11. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төленбес бұрын оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

8.12. Банктің акционерлерінің Жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдап, оны қабылдаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде осы Жарғының 16.1. тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға құқылы.

8.13. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де реквизиттер;
2) дивидендтер төленетін кезең;
3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
4) дивидендтер төлеудің басталатын күні;
5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.

9. БАНК ОРГАНДАРЫ

9.1. Банк органдары дегеніміз:

1) жоғары орган– Акционерлердің Жалпы жиналысы;
2) Басқару органы– Директорлар кеңесі;
3) атқарушы орган – Басқарма;
4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге де органдар болып табылады.

10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

10.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

10.2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
2) Банктің аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясын есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;;
3) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

10.3. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің және Банктің атқарушы органының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және олардың құрамы туралы Банктің акционерлеріне хабарлайды.

10.4. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы, олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын басқа мәселелерді де қарауға құқылы.

10.5. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген мерзім ішінде өткізілуі тиіс.

10.6. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Банктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
2) Банктің корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған
жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
6) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) Орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбасту туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқын дау;
8) есеп комиссиясы санының құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
9) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
10) Директорлар кеңесі туралы Ережені бекіту;
11) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
12) жылдық қаржы есептілігінь бекіту;
13) Банктің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
14) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
15) Банктің акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
16) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Банктің өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
17) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
18) Банк АҚ туралы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған жағдайда, олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
19) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
20) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу;
21) Банктің сақтық қор капиталының мөлшері мен оны қалыптастыру мақсатында төленетін жыл сайынғы төлемдердің мөлшерін белгілеу;
22) Директорлар кеңесінің жылдық атқарылған жұмысы жөніндегі есебін бекіту;
23) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда Банк жасасуға мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
24) шешім қабылдау, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Банктің Жарғысына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

10.7. Осы Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген мәселелер бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғының 10.8 тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады.

10.8. Осы Жарғының 10.6. тармағының 2), 3), 4) және 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының білікті көпшілігімен қабылданады.

10.9. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10.10. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген.

10.11. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

10.12. Жалпы жиналыстың өткізілетін күні, уақыты және орны.

10.12.1. Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күні мен уақыты оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс.

10.12.2. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің атқарушы органы орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысы, Банктың атқарушы органы орналасқан жерден тыс жерде, осы жиналысқа Банктің дауыс беретін акция ұстаушыларының жүз пайызы қатысқан жағдайда өткізілуі мүмкін.

10.13. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат.

10.13.1. Акционерлерді жалпы жиналыс өткізілетіні туралы хабардар ету, жиналыс өткізілетін күннен –отыз күнтізбелік күн бұрын жүзеге асырылады, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында қырық бес күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарландыру және (немесе) ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау арқылы хабарлануы тиіс.

10.13.2. Банк акционерлерінің, уәкілетті органның талабы бойынша пруденциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында күн тәртібіне Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселе енгізілген жалпы жиналысы өткізілген жағдайда, акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен – 10 (он) жұмыс күнінен бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында 15 (он бес) жұмыс күнінен бұрын хабарлануы тиіс.

10.13.3. Акционерледің жалпы жиналысы өткізу турады хабарландыруда Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетліген мәліметтер болуы тиіс.

10.13.4. Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

10.14. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібі.

10.14.1. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуы тиіс.

10.14.2. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне өзгерістер және/немесе толықтырулар еңгізу тәртібі мен мерзімдері, сонымен қатар күн тәртібіне өзгерістер және/немесе толықтырулар еңгізуге құқылы тұлғалар тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген.

10.14.3. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

10.14.4. Акционерлердің Жалпы жиналысында сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

10.14.5. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

10.14.6. Күн тәртібінде, "әр түрлі", "өзге", "басқалары" деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

10.15. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар.

10.15.1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуы тиіс.

10.15.2. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың мазмұнына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген.

10.15.3. Сонымен қатар, Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдар:

1) Банктің жылдық қаржы есептілігі;
2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
3) директорлар Кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
4) акционерлердің қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
5) акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар қамтылуы тиіс.

10.15.4. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысу тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген.

10.16. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы.

10.16.1. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде, оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтық елу және одан да көп пайызын иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.16.2. Акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы, егер кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса және тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтық 40 (қырық) және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.17. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және өкілдік ету.

10.17.1. Акционер жеке өзі немесе өз өкілі арқылы акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы. Банк Басқармасының мүшелерінің акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

10.17.2. Мұндай өкілдік акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, Банк қызметкерлерінің акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

10.17.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

10.18. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі.

10.18.1. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Осы жарғыға және Банктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес немесе акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешіммен белгіленеді.

10.18.2. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционерлердің Жалпы жиналысын аралас дауыс беру әдісімен өткізген жағдайда, келген акционерлердің (олардың өкілдердің) тіркеуі жүргізіліп, акционерлерден түскен толтырылған бюллетеньдерді ұсыну тәртібі мен мерзімін тексеруін сақтай отырып бюлеттеньдердің болуы тексеріледі.

10.18.3. Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

10.18.4. Акционерлердің Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлайды, Акционерлердің Жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Процедуралық мәселелер бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің 1 (бір) дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

10.19. Акционерлердің Жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы

10.19.1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге немесе акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

10.19.2. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен Банктің дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

10.19.3. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде, акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу тәртібіне және дауыстарды есептеуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

10.20. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі.

10.20.1. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру, келесі жағдайларды қоспағанда «бір акция-бір дауыс»: қағидасы бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;
2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жиынтық дауыс беруді; акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді;

10.20.2. Акциялар бойынша берілетін жиынтық дауыс беру кезінде дауыстар акционер директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толық берілуі немесе директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп берілуі мүмкін. Ең көп дауыс санына ие болған кандидаттар директорлар Кеңесіне сайланған болып танылады.

10.20.3. Жасырын әдіспен жүзеге асырылатын көзбе-көз тәртіпте дауыс беру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

10.20.4. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысындағы дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру қорытындылары акционерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіппен хабарланады.

10.21. Акционерлер Жалпы жиналысының хаттамасы.

10.21.1. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы және Қазақстан Республикасында көрсетілген мәліметтермен қамтылуы тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар атқарушы органда сақталуы және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуі тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

11. БАНКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Банк Жарғысында акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, директорлар Кеңесі Банк қызметінде жалпы басшылықты жүзеге асырады.

11.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту және Банк стратегиясын орындауына мониторинг жүргізу, сонымен қоса Банк стратегиясының ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайларына, тәуекел бейініне және қаржылық әлеуетіне, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бағалау;
2) Банк Жарғысының Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз ету және оның өзектілігін сақтау;
3) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
4) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
5) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдауы;
6) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
7) директорлар Кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
8) Банктің облигацияларын және туынды құнды қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
9) Басқарманың сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (Басқарма функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
10) Басқарма басшысы мен мүшелерінің (Басқарма функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық жалақы мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйақы төлеу талаптарын айқындау;
11) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
12) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

13) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банк акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
14) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасымен немесе Банктің ішкі құжаттарымен Басқарма құзыретіне қарастырылуға немесе бекітілуге жататын құжаттардан басқасы), оның ішінде аукциондар өткізу тәртібі және Банктің құнды қағаздарына қол қою шарттарын белгілейтін ішкі құжаты, сонымен қатар ішкі құжаттардың құзыретін анықтайтын органдардың және Банктің лауазымды тұлғаларының ішкі құжаттарын бекіту;
15) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
16) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
17) Акционерлердің Жалпы жиналысына Банктің өткен қаржылық жыл бойынша таза табысты үлестіру тәртібі, сақтық қор капиталы (провизия) мөлшері және сақтық қор капиталы (провизия) және өзге де капиталларды толықтыру мақсатында жыл сайын төленетін төлемдердің мөлшері, Банктің бір жай акциясына шаққанда жыл ішіндегі дивиденд көлемі бойынша ұсыныстар жасақтау;
18) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
19) Банктің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызындай болатын шамаға көбейту;
20) Банктің ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;
21) Шешім қабылдау күніне Банктің өзіндік капитал көлемінен 5 пайызынан асатын сомаға Банктің негізгі құралдары мен бейматериалдық активтерін сатып алу (өткізу) туралы шешім қабылдау;
22) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
23) ірі мәмілелер және жасалуына Банк мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
24) Банктің саясаттарын (есептік, тарифтік, несиелік, кадрлық және т.с.с.) және өзге де Банктің тәуекелдерін тиімді түрде анықау, бағалау және шектеуді құзырлы органның талаптарына сәйкес қамтамасыз ету мақсатында Банктің тиімді тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыруға бағытталған ішкі құжаттарын бекіту;
25) Банктің ішкі аудит қызметінің жұмыс жоспары мен бағдарламасын бекіту;
26) Банктің Бас комплаенс-бақылаушысын тағайындау немесе оның құзыретін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, комплаенс-бақылау қызметі қызметкерлерінің (Бас комплаенс-бақылаушысының) жұмыс тәртібін, еңбекақысы мен сыйақысының мөлшері мен төлеу шарттарын және Банктің комплаенс-бақылау қызметі жөніндегі ережесін бекіту;
27) Банкпен ерекше қарым-қатынаста болған тұлғалармен мәмілелер жасасу жөнінде шешім қабылдау;
28) Банкпен ерекше қарым-қатынаста болған тұлғалар тізілімін бекіту (растау);
29) Банктің ағымдағы жылдың бюджетін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар еңгізу әрі оны орындауын бақылау;

30) Банк шығаратын акцияларды сатып алу туралы опциондарға қол қою;
31) Банктің өзіндік капиталының 5 (бес) пайызынан асатын сомаға несие беру қажеттілігі жөнінде шешімдерді қабылдау;
32) Банктің тиімді әрі нысанды тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру және қызметін басқару;
33) Нормативтік-құқықтық актілерінде және/немесе осы Жарғыда көзделген, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Директорлар кеңесі жөніндегі ережелерде көрсетілген мәселелерді шешу жолдарын табу.

11.3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқармаға шешу үшін тапсырылмайды. Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша директорлар Кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

11.4. Аса маңызды мәселелерді қарау және директорлар Кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Банкте Қазақстан Республикасының заңнамасына, құзырлы органның актілеріне және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес директорлар кеңесінің комитеттері құрылады. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Банктің директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатында белгіленеді.

11.5. Директорлар кеңесі:
1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Банк меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделі болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюы;
2) Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды, сонымен қатар Басқарма қызметін ағымдағы және есептік жыл нәтижелері бойынша талдауды жүзеге асыруы тиіс.

11.6. Директорлар Кеңесінің құрамы және директорлар Кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

11.6.1. Директорлар кеңесінің құрамына және Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банк Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленеді.

11.6.2. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны Акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді және кемінде үш адам болуы тиіс. Қоғамның директорлар Кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

11.6.3. Директорлар Кеңесі мүшелері Акционерлердің Жалпы жиналысымен сайланады және Қазақстан Республикасының заңдарында және қоғамның Жарғысында қарастырылған тәртібінде қайта сайлануына шек қойылмайды.

11.6.4. Директорлар кеңесінде бір орынға бір үміткер сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, жиынтық дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Жиынтық дауыс беру бюллетенінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мәліметтер болуы тиіс.

11.6.5. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысты директорлар Кеңесінің мүшелігіне бір кандидатқа толығымен беруге немесе оларды бірнеше кандидаттар арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан көп кандидат тең дауыс санын жинаған болса, бұл кандидаттарға қатысты тең дауыс санын жинаған кандидаттар көрсетілген жиынтық дауыс беру бюллетеньдерін акционерлерге ұсыну арқылы қосымша жиынтық дауыс беру өткізіледі.

11.6.6. Басқарма төрағасынан басқа мүшелер директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

11.6.7. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімі, акционерлердің жаңа директорлар Кеңесінің сайлауы өткізілетін Жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

11.6.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасы қарастырылмаса, директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар Кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар Кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі директорлар Кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

11.6.9. Директорлар Кеңесінің төрағасы директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар Кеңесі төрағаны кез -келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

11.6.10. Директорлар Кеңесі төрағасының міндеттері және оның орнын басу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банк Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленеді.

11.6.11. Директорлар Кеңесінің мүшесі өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банк Жарғысына сәйкес жүктелген міндеттерді өзге тұлғаларға тапсыруға құқығы жоқ.

11.7. Директорлар Кеңесі отырысын шақыру

11.7.1. Директорлар Кеңесінің отырыстары кем дегенде айына бір мәрте өткізілуі тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Банк Басқармасының бастамасы бойынша, немесе:

- директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- Банктің ішкі аудит қызметінің;
- Банкке аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін

11.7.2. Директорлар Кеңесі отырысын өткізу жөнінде жазбаша хабарламалар (оның ішінде пошта, телеграф, телетайп, телефон, электрондық және өзге де байланыс құралдары арқылы) осы Жарғының 11.2. тармағында көрсетілген мәселелер бойынша материалдардың қосымшасымен, Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізетін күннен бастап үш күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.
Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу жөніндегі хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны, отырыстың күн тәртібі және өзге де Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мәліметтер көрсетілуі тиіс.

11.7.3. Директорлар Кеңесінің отырысын әзірлеу, материалдарын жасақтау және өткізуді Банктің корпоративтік хатшысы жүзеге асырады.

11.7.4. Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібі талқылауға ұсынылатын нақты мәселелердің толық тізімін қамтуы тиіс. Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібінде, "әр түрлі", "өзге", "басқалары" деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

11.7.5. Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізетін күннен бір күннен кешіктірмей хабарлаған жағдайда немесе күн тәртібіне толықтыру еңгізу үшін отырысқа қатысқан барлық кеңес мүшелері бір дауыстан қолдаған жағдайда, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне оның кез келген мүшесі немесе атқарушы орган толықтыру еңгізу мүмкін.

11.7.6. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар директорлар Кеңесінің мүшелеріне, отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде үш жұмыс күн бұрын беріледі және осы мәселелер бойынша дәлелді шешім қабылдау үшін қажетті көлемде толық ақпаратты қамтуы тиіс.

11.7.7. Ірі мәміле және (немесе) мүддесі болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда) қамтылуы тиіс.

11.8. Директорлар Кеңесі отырысының кворумы және өткізу тәртіб.

11.8.1. Директорлар Кеңесі отырысын өткізу үшін кворум директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар Кеңесінің отырысы қайта өткізілмейді және белгіленген тәртіппен қайта шақырылады.

11.8.2. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк жарғысында өзгеше көзделмесе, директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде директорлар Кеңесі төрағасының немесе директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші дауыс болып саналады.

